

*Монай Х., жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы,  
гуманитарлық ғылымдар магистрі  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы)*

## **ТЕХНИКАНЫҢ ДАМУЫ — ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА КЕРІ ӘСЕРІ**

Адам баласы тарихи дамудың жаңа белесіне шыққан сайын өткен жолына үңілетіні, өзі қалыптастырған рухани-әлеуметтік құндылықтарын ой таразысына салып, қайта бір болжауға баға беруге талпынатыны қақ.

Бүгінгі күні адамзат қауымы жаңа ғасыр табалдырығына аяқ басуы әлемдік қатынастардағы нендей бір құбылыстар мен өзгерістер жайлы нақтылы тұжырымдар жасауға мұрындық болып отыр. Сонымен, адам ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтар аясында ғана өзін-өзі дамыта алады, таниды. Бірақ, адамзаттың бүгінгі алаңдатар мәселесі адам эволюциялық жолмен өзі тудырған рухани байлық пен рухани өлшемдерге техникалық үдірістің бағына бермейтін, қайта кері әсер еткіштік күшінің басым түсіп жатуы болып отыр. Яғни, ғылыми техникалық төңкеріс адамның материалды өндіріс дәрежесіне игі ықпал еткенімен, рухани құндылықтар жөніндегі мәселелерге тірелді. Адамның қоғамдағы орны мен атқаратын рөлі туралы ой-пікірлер, жалпы адамға, оның болмысына байланысты ғылыми ой-тұжырымдар көптеген ғалымдардың зерттеу объектісіне айналған болатын.

XXI ғасырдың табалдырығын аттай отырып, әлеуметтік-экономикалық тың белестерге, жаңа индустриялық сатыларға ұмтыла отырып, табанымызға тірек болар тұғырды ата-баба жерінен, көңілімізге демеуді ұлттық мәдениетімізден, дінімізден, тарихымыздан іздегеніміз жөн.

Өркениеті дамыған XX ғасыр адамзат тарихында ғылым мен техниканың шарықтауымен ерекшеленеді. Сонымен бірге бұл ғасыр рухани дағдарыстар мен қақтығыстар ғасыры да болды. Табиғат заңдарына үстемдік ету, қоғамдық әрекеттері арқылы жеке басының бостандығын, абсолютті еркіндігін шектеуі адамдардың жатсынуына, трагедиялық ахуалға тіреді.

XX ғасырдың екінші жартысында адамға өркениеттің әсері туралы философ Н. Бердяев: «Адам өзінің тарихи тағдырында түрлі кезеңдерді басынан кешірді және қашанда оның тағдыры трагедиялық болып отыр. Алғашында адам табиғаттың құлы болды, сондықтан ол өзін-өзі сақтап қалу үшін тәуелсіздік, басының еркіндігін алу мақсатында қаһармандық күресін бастады, ол мемлекет мәдениетін, ұлттық қауымдастықтарды жасады, таптарды ойлап тапты. Енді адам жаңа дәуірге аяқ басты. Ол иррационалдық қоғамдық күштерді игергісі келді. Ол ұйымдасқан қоғам мен дамыған техниканы жасады. Ол адамды өмірді ұйымдастыру мен табиғатты түбегейлі билеудің құралына айналдырды. Бірақ ол өзі ұйымдастырған қоғам мен ойлап тапқан техниканың құлына, машинаның құлына айналды»<sup>1</sup>, — деп жазады.

Әңгімені өзімізге қазақ ретінде не болып жатырмыз деп бұрайық. Неге десең, қарастырып отырған мәселелер қазақ қоғамына қалай әсер етті? Ұлттық құндылықтарымыздан айырылып қалудың себебі неде? Міне осы сұрақтар төңірегінде зерттеуді жалғастыруды жөн көрдік. Жаһандану үдерісінің шеңберінде кең тараған, батыстандыру легімен қазіргі қоғамда белең алған бұқаралық мәдениет бүгінгі күні қоғамдық санаға өз ықпалын тигізбей қоймады. Соның нәтижесі ретінде өзіндік санаға қайшы келетін, әлемдік стандарттау мен біркелкілендіруге негізделген бұқаралық сана қазақ қоғамында белгілі бір әлеуметтік ықпалға ие бола бастады. Біркелкілікті, бірөлшемділікті меңзейтін бұл үдеріс бұқаралық санада өзіндік ойлау ерекшелігін, тілдік және ділдік өзіндік белгілер мен тарихи тағылымдарды толығымен өшіруге бағытталған.

Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес ұлттық сананы сақтау күресі екенін түсіну.

Қазіргі жаһандану үрдісі кең өріс жайып жатқан кезде біздің тәуелсіздік екпінімен жаңадан қадам жасап келе жатқан мемлекетіміздің беталысын айқындау қажеттілігі туындады. Осы тұста дамыған алдыңғы қатарлы мемлекеттердің саяси-экономикалық іс-әрекеттері ғана емес, сонымен қатар өмір салты да үлгіге айналып бара жатқандығын байқау

қиын емес. Ал басқа мәдени үлгілердің енуі бұқаралық санаға кері ықпал етіп, ұлттық құндылықтарды шайқалтуы мүмкін. Бұндай әлеуметтік құндылықтардың трансформациясы туралы Ғ. Ғ. Ақмамбетов былай деген еді: «...мораль арнайы әлеуметтік феномен ретінде қоғамдық болмыстың туындысы болып табылады және де қоғамның материалдық жағдайларының өзгеруіне байланысты оның адамгершіліктік санасы да өзгереді»<sup>2</sup>. Бұқара әлеуметтік институттарды, әлеуметтік қатынастарды және тіпті қоғамдық болмыстың негізін де толығымен өзгертуге қабілетті. Адам санасындағы дүниетанымдық тұтастықты қамтамасыз етуге қабілетті болатын, тұрақты құндылықтардың, үйреншікті бағыттардың, әлеуметтік мұраттардың болмауы, болашақ туралы пікірдің бұлыңғыр болуы, қоғамда болып жатқан үрдістер мен құбылыстар туралы нақты ақпарат ала алмауы адамның сенімділігін әлсіретіп, саяси элитаның бұқаралық санамен манипуляция жүргізуге барынша жағдай мен мүмкіншіліктер туғызады. Бұқаралық сананы манипуляциялауда жалған «ұлы» идеяны алдыға қою жеткілікті. Ол туралы академик Д. К. Кішібеков былай деп жазған еді: «Кез келген құбылыс сияқты идеяда бұқараға әсер ету күшіне ие. Оның мәні — ойды ояту, интеллектті мазалау, әрекетке итермелеу. Сонымен, идея — бұл құбылыс, әрекет, мән. Қалай идея пайда болады, солай адам тыныштықтан айырылады. Демек, идея тек қана ақылды оятып қана қоймай, сонымен қатар әрекетке де итермелейді. Идея субъектіні өзінің айқынсыздығымен, абстрактілігімен мазалайды. Ол адамды өзін танытуға тартады. Ал идея бұқараның іс қимылын жаулаған кезде, ол үлкен күшке, игерілмес стихияға айналады, оны тек ақыл-ой ғана тоқтата алады»<sup>3</sup>. Шынымен де, бұқараны күш құралы ретінде саяси көсемдер көп жағдайда жалған «ұлы» идеяларды ұсыну арқылы немесе әртүрлі діни секталар мен конфессиялар тиімді пайдаланады. «Дәл қазіргі таңда Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздігіне төнуші қауіп-қатер күшті болып отыр. Батыстық арзан бұқаралық мәдениеттің экспансиясы Қазақстандағы өзекті мәселеге айналғаны қашан. Бейкүнә бейнетаспалар мен кітаптар, және басқа да ақпарат құралдары көмегімен қоғамды деградациялауда рухани азық болып табылатын қатігездік, кісі өлтіру, қанішерлік, есірткі тарату мен қолдану, алдап-арбау, ұрлық-қарлық, зорлық-зомбылық, жезөкшелік, порноөнеркәсіп туындылары сияқты мың санды ақпараттар ағымы қоғамымызда лық толы. Оның «тәлім-тәрбиесімен» ауыр қылмыстар, тәртіп бұзушылықтар, әдепсіздіктер белең алып барады»<sup>4</sup>.

Өзіндік ұлттық сана сезімі әлсіз, ұлттық рухы сөніп қалған, болашаққа деген сенімі жоқ халықты жаулау қашанда оңай. Тек ұлттық сана сезім шеңберіндегі ұлттық құндылықтарды анықтаған жағдайда, жалған құндылықтар өздері ақ керексіздігін сезініп, ысырылып кетеді. Ол үшін әр қайсымыз, өз мойнымызға ұлттық құндылықтарды сақтап, әспеттеу жауапкершілігіне ие болуымыз шарт. Ұлттық келбет пен ұлттық ерекшелікті сақтап, ұлттық сананы нығайту қажет.

Біздің мақсатымыз — жаһандануды терістеу емес, оның кереғар ықпалдарын анықтау, батыстандыру деп батыс үлгілерін жоққа шығару емес, тек өзіндік ерекшелікті сақтай отырып, батыс мәдениетімен сұхбатты қалыптастыру, бұқаралық ақпарат құралдарының бұқаралық санаға әсер ету мүмкіншіліктерін анықтай отырып, оны ұлттық рухты көтеруге және ұлттық идеяны жаңғыртуға бағыттау, рухани адамгершіліктік құндылықтарды насихаттау, техниканың мүмкіншіліктерін дұрыс жолда игеру. Сонымен, күннен-күнге ғаламдық сипат алып жатқан батыстандыру үрдісі негізіндегі ғылыми-техникалық прогресс пен бұқаралық ақпарат құралдарына сүйене отырып, бұқаралық мәдениеттің кең таралуы бұқаралық сананы қалыптастыруында негіз болып табылады. Әсіресе әлемдік бәсекелес мемлекеттер қатарына қосылу жолына бет алып отырған Қазақстан үшін өзекті мәселе ретінде өзіне деген ерекше көңіл аударуды қажет етеді. Бір жағынан, «ұлы көштен» қалуға да болмайды, екінші жағынан, осы беталыста өзіндік қайталанбас дәстүрлік ерекшелігіңді жоғалтып алмау міндеті қойылуы тиіс. Тіпті дәстүрлік дүниетанымды заманауи үрдістермен ұластыру абзал. Осы жолда бұқаралық сананы ұлттық мүдделерге бейімдеу арқылы жетүімізге болатындығын ұғынған жөн.

Ұлттық тәрбиеге негізделген ұлттық сана — біздің ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін асыл қазынамыз. Ал мұндай мәселелерді зерттеп, көпшіліктің ой-пікірлерін жас ұрпаққа жеткізетін негізгі құрал — бұқаралық ақпарат құралдары екені даусыз.

Рухани өзегі, мәдениеттің дінгегі, тілінің тірегі, халықтың салт-дәстүрлері мен ұлттық руханияттың даму дәрежесі екендігін айтуға болады. Осы аталған игіліктер қазіргі замандағы жеткіншектердің парасатты, отан сүйгіш, ұлттық тарихи құндылықтарды түсіне білетін,

кастерлейтін және еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігі жоғары азамат болып өсуіне ықпал етері сөзсіз. Қазіргі таңда барлық дүниежүзіндегі шет мемлекеттермен тәжірибе алмасу жұмыстары кеңінен жолға қойылған. Заман талабына сай жаңа ақпараттық технологияларды кеңінен қолдану ісі жан-жақты жолға қойылған. Бізді алаңдататын бірінші мәселе — ол осындай әлемдік үлкен қара қазанда бірге қайнау үдерісінде, бар құндылығымыз жұтылып кетпей, керісінше, байып бағдарланып, өзімізге керегін мейлінше сүзгіден өткізе отырып, кері әсері болмайтындай етіп пайдалану. Жаңа ақпараттық технологияларды өскелең ұрпақтың рухани игілігіне айналдыруға бағыттау.

Компьютердегі алуан түрлі ойындар мен әртүрлі теріс ағымдарды насихаттайтын сайттар жеткіншек балалар мен бүлдіршіндердің санасын улап, рухани әлсіз, табансыз, бейшара қалыпқа түсірмесіне кім кепіл? Бұдан да сорақысы — интернетке тәуелділік. Интернет және компьютерлік ойындар психикалық проблема ретінде сипатталады.

«Өмірден қымбат нәрсе бар ма адамда,

Орындыға жұмсаң өлмес дәрі.

Қасиетін өмірдің білу керек,

Басында ми бар болса, бетінде ары»<sup>5</sup>, — деп Шәкәрім ақын жырлағандай, біздің жастарымыздың өз өмірлерін бос өткізбей, білімге жұмсауды, артында өшпейтін із қалдырып, ұлттық болмысымызды, мүддемізді, намысымызды сақтап қалуға ұмтылуына көмектесуіміз керек.

Біздің ұлттық өнеріміздің, мәдениетіміз бен дәстүрлеріміздің алдыңғы қатарлы үлгілерін, тіліміздің орасан зор байлығын жас жеткіншектердің жан дүниесіне сіңіріп, сол арқылы әлемдік рухани өркениеттің өріне шығып, нәр алу — ұлттық сананы қалыптастырудың қайнар көзі болмақ. Ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту — баршамыздың парызымыз. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз.

- 
- <sup>1</sup> Бердяев Н. А. Человек и машина // Вопросы философии. — 1989. — № 2. — С. 143-162.
  - <sup>2</sup> Ғ. Ғ. Ақмамбетов. Жеке тұлғаның адамгершілік даму мәселесі. — Алма-Ата, 1971.
  - <sup>3</sup> Д. К. Кішібеков. Идея шығармашылықтың көзі ретінде. — Алматы, 2009.
  - <sup>4</sup> Д. К. Кішібеков. Идея как исток творчества. — Алматы, 2009.
  - <sup>5</sup> Ш. Құдайбердиев. Шығармалары, өлеңдер, дастандар, қара сөздер. — Алматы, 1991.